Рұқсат беру функцияларын іске асыруды жүзеге асыру бойынша семинар сабақ
ХАТТАМАСЫ

Зайсан қаласы **15.07.2025 ж.**
өткізілген уақыты: 14:00

Семинар сабаққа қатысушылар: Аудандық мемлекеттік қызмет көрсететін бөлімдердің басшылары мен мамандары және қала, ауылдық округ әкімдері мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге жауапты мамандар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 маусымдағы №727 «Қазақстан Республикасының негізгі куәгаландырушы орталығының, мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығының және Қазақстан Республикасының ұлттық кәуаландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын зерделеу.

Хабарлаушылар: Ә.Қаламов - аудан әкімі аппаратының басшысы.

Бүгінгі семинар сабаққа жиналып отырған себебіміз, Өздеріңізге белгілі ЭЦҚ-ны дұрыс қолдану тәртібі жайында болмақ. Сіздерге ЭЦҚ жайлы толық мәлімет бере кетсем.

ЭЦҚ дегеніміз - электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жинағы.

Қазіргі таңда көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 70-80% электронды түрде, яғни электронды үкіметтің вэп порталы арқылы көрсетіледі. Яғни өтініш беруші кез келген өтінішті жергілікті атқарушы органдарға жолданғанда нені қолданады? Әрине ЭЦҚ-ны қолданды, жіберген өтініш сол өзіне тиесілі ЭЦҚ арқылы куәландырады.

Сол сияқты мемлекеттік қызметтерді көрсететін жергілікті атқарушы органдар тарапынан өздеріңізге белгілі ЭЦҚ қолданады.

2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» ҚР Заңының 10 бабы 2- тармағына сәйкес, электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттері оларды заңды негіздерді иеленетін тұлғалардың меншігі болып табылады. Тұлға әртүрлі ақпараттық жүйелерге арналған электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттеріне ие бола алады. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін басқа тұлғаларға беруге болмайды. Яғни әр салада мемлекеттік қызмет көрсететін мамандар басшылар өтініштерді қабылдау, өтініштерге қол қояр кезде әркім өз ЭЦҚ-ын қолдануы тиіс. Қол қоюшы басшы белгілі бір себептермен жұмыста жоқ

болса немесе т.б. жағдайлар орын алған жағдайда қол қоюшы басшыны алмастыратын немесе міндетін атқарушы адамның ЭЦҚ кілтімен ғана өтініштерге қол қойылуы қажет.

Жұмыс барысында аталған мәселені барлық мемлекеттік қызмет көрсетуші жергілікті атқарушы органдардың мамандары басшылары уақыты келіп тұрған өтініштерді қарап, зерделеп барып өзінің ЭЦҚ қолдануы тиіс.

Қорытындылай келе аталған заң талаптарын сақтай отыра, мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында әр маман, басшы өз ЭЦҚ-ын қолдауы тиіс.

Жалпы бөлім басшысы **Г.Рахимова**